

Астана ақшамы. – 2023. - №12. – 31 қаңтар

Алпысбаева, Ғ. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры

Ашықтық бәрінен маңызды

- Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Парламенттің төменгі палатасына және барлық деңгейдегі мәслихаттарға сайлауы – елдегі азаматтық қоғамды одан әрі дамытуға бағытталған, өткен жылы басталған саяси жүйе реформасының жалғасы деуге болады. 2022 жылғы маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістер мен түзетулер депутаттық корпусты қалыптастырудың сайлау жүйесі мен тетіктерін өзгертуге бағдарланған. Президенттің сөзімен айтқанда, бұл «Билік тармақтарын қалыптастырудың неғұрлым әділ және бәсекеге қабілетті ережелерін» қамтамасыз етеді. Егер бұрын Мәжіліс құрамында 107 депутаттың 98-і (бұл 91%-дан астамы) 7 пайыздық шек кезінде партиялық тізімдер бойынша жалпыға бірдей дауыс беру арқылы сайланса, ал 9 депутатты Қазақстан халқы ассамблеясы сайласа, енді жаңа сайлау жүйесі бойынша төменгі палата депутаттарының 70%-ы (Мәжілістегі 69 орын) партиялық тізімдер бойынша 5% шекпен сайланатын болады. Депутаттардың қалған 30%-ы (29 орын) бір мандатты округтер бойынша сайланады.

Аралас сайлау жүйесіне көшу және саяси партиялар үшін өту кедергісін төмендету, әйелдер, жастар және ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін 30% квота енгізу барлық сайлаушылардың мүдделерін сақтауға мүмкіндік береді деп болжанады. Жаңа жүйе бойынша ел Парламентіне қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың өкілдері, сондай-ақ өзін-өзі ұсынған кандидаттар өте алады. Алдағы сайлаудың тағы бір маңызы сонда – сайлау бюллетеніне «бәріне қарсы» деген баған енгізіледі, бұл биліктің сайлау процесінің ашықтығы туралы айтады. Әрине, оның сайлау бюллетеніне енгізілуі сайлау қорытындыларына түбегейлі әсер етеді деп ойламаймын, бірақ заңды наразылық нысандарының бірі ретінде бұл халықтың саясатқа және билік әрекеттеріне қанағаттануының көрсеткіші болуы мүмкін.